

**Х.Ж.Смағұл \*, А.Р.Алтынбекова**

Магистр оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Магистр, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

\*Корреспондент авторы: [khamza.smagul@bk.ru](mailto:khamza.smagul@bk.ru)

## **МӘДЕНИ ІС-ШАРАНЫ МУЗЫКАЛЫҚ БЕЗЕНДІРУ ШЕБЕРЛІГІ**

### **Түйін**

Қазіргі кезде балабақшадан бастап белсенді ұзақ өмір орталықтарына дейінгі ауқымдағы мекеме-кәсіпорындарда мәдени іс-шаралар, ивенттер ұйымдастырылып тұрады. Бұлардың барлығын біріктіретін бір нәрсе ол – музыка. Кейбір кездері үйлесімі шамалы мәдени іс-шара демалыс сыйлаудың орнына шаршатып, тітіркендіріп жіберіп жатады. Сондықтан мәдени іс-шараны музыкамен безендірудің базалық негізін білу артық болмайды. Мақалада музыканы мәдени-тынығу жұмысында, оның ішінде топтық, бұқаралық мәдени іс-шарада қолданудың ережелері, музыканың көркемдік қызметі туралы қарастырылған. Мәдени іс-шараны музыкалық безендірудегі музыканың түрлері (музыкалық-пролог немесе кіріспе, эпизодтық музыка, үзіліс музыкасы (антракт), дербес музыкалық нөмір, музыкалық финал) сипатталып, анықтамалар берілген. Бұл ақыл-ой еңбегінің әдістемелік негізін мәдени іс-шараны талдау, музыкалық шығармаға көркемдік-орындаушылық сараптама әдістері қолданылды. Жазбаша жұмыс мәдени іс-шараны музыкамен рәсімдеуге қызығушылық танытқан барша адамға арналған.

**Кілттік сөздер:** іс-шарадағы қарқын-ырғақ, жеке музыкалық шығармалар, тұрақты қойылатын музыка

### **Кіріспе**

Мәдени-тынығу жұмысының топтарға арналған, бұқаралық түрлерін [1,2,3], кез-келген түрлерін музыкасыз елестету мүмкін емес. Жеке орындаушылықтағы көркемдігі өз алдына мәдени іс-шараның барысында музыка көрерменнің қайда? не үшін келгенін есіне сала алады, режиссерлер дайындап-қойған деректі, көркемдік материалмен үйлесіп, мағынасы ашылса, финалда қол шапалақтауға ерініп отырған кісіні еріксіз орнынан тұрғызып жіберуі де ғажап емес. Сондықтан мәдени іс-шараларды декоративті безендірудің маңызынан кем түспейтін рәсімдеудің бірі әрі бірегейі – музыкалық безендіру.

Музыкалық безендіру - мәдени іс-шараның бағдарламасында музыканың алуан түрлі жанрлары мен формаларын (ән, аспаптық музыка, хорға арналған музыкалық шығарма, оркестр орындаған музыкалық шығармалардың үзіндісі, жанды дыбыстағы және құрылғыға жазылған музыка) пайдалану. Мәдени іс-шара концерт залының сахнасында, ашық кеңістіктегі сахнада өткізілуі мүмкін. Осы себепке байланысты әрбір мәдени іс-шараның өзіне лайық музыкалық-дыбыстық шешімі болады.

### **Теориялық талдау**

Театр қойылымдарының дыбыспен, музыкамен рәсімдеу тұрғысында А.Глумов Ю.И. Козюренко, Ю.Томилин, Н.А.Таршис, В.В.Зубрильчева, Л.М. Марголин, П.П.Милютин сияқты авторлар жазған [4,5,6].

Мәдени іс-шараның бағдарламасындағы музыканың музыкалық пролог, музыкалық эпизод, музыкалық нөмір, музыкалық антракт, музыкалық финал, әрекет барысындағы музыка деген түрлері болады.

Музыкалық пролог дегеніміз - мәдени іс-шара бағдарламасының негізгі эпизодтарының дамуын дайындауға бағытталған бастапқы музыкалық бөлім, ән немесе пьесаның үзіндісі, шығарма. Мұны тіпті музыкалық қиял деуге де болады.

Музыкалық пролог кіріспе немесе экспозиция рөлін атқара алады. Пролог-кіріспенің негізгі міндеті - көрермендердің назарын аудару және іс-шараның жалпы атмосферасына,

белгілі бір дәуірге, ортаға енгізу, негізгі бөлімнің мазмұнын эмоционалды қабылдауға дайындау.

Музыкалық пролог-экспозицияның ерекшелігі - бұл мәдени-тынығу бағдарламасының негізгі бөлігінде музыкалық өнер туындысының көркемдік-мәнерлік құралдармен (сөз, хореография, графика, кино, пантомима және т.б.) үйлесімі арқылы ашылатын оқиғалар туралы қысқа және мазмұнды жеткізу.

Пролог кіріспе, негізгі тақырып немесе тақырыптарды ұсыну, көбінесе мәдени іс-шараның бірінші эпизодына көшу қызметін атқаратын қорытынды бөлім деген айқын жүйелік және сюжеттік құрылымнан тұрады. Музыкалық пролог увертюра, музыкалық-пластикалық плакат, музыкалық-сахналық композиция, музыкалық бейне жазба, кинопролог түрлерінде болуы мүмкін.

Пантомима және хореографияның синтезі болып саналатын музыкалы-пластикалық плакат қызықты және мәнерлі музыкалық пролог болуы мүмкін. Бұндай прологтың мазмұнында пластикалық қимыл-қозғалыстар бимен үндесіп тақырып ашылады және идеясы, әдетте, тақырыпта көрсетіліп тұрады. Мысалы, режиссер М.Злотников пен балетмейстер П.Городницкийлер Германиядағы жұмысшылар фестивалінде өнер көрсету үшін қойған көркемөнерпаздар концерттік бағдарламасындағы «Жұмысшының қолы» музыкалық-пластикалық плакатының негізгі идеясы – Кеңес одағы халқының еңбегі.

Прологта алғаш рет естілген музыкалық тақырыптарды бағдарлама барысында жалғастырып, дамытуға болады. Мысалы, «Нан туралы сөз» бағдарламасында прологтағы «Дала гүлдейді бақтармен» әнінің тақырыбы прологта салтанатты естілсе, «Тағдыр даласы» бөлімінде – күйзелісті жеткізген, ал «Солдат даласы» эпизодында мұнды суреттесе, «Гагарин даласы» бөлімінде - Ұлылықтың, рухтылықтың атмосферасын сезіндіреді.

Әрбір мәдени-демалыс бағдарламасы өзара байланысты бірнеше эпизодтардан тұрады. Мәдени іс-шара қою барысында сценарист пен режиссерлер тарапынан музыкалық эпизодтар жиі пайдаланылады.

Музыкалық эпизод дегеніміз - мазмұны музыкалық тілдің құралдары арқылы ашылатын өз алдына үзінді (салыстырмалы түрде), бағдарламаның бөлімі. Музыкалық эпизодтың логикасының болуы және міндетті түрде аяқталуы керек.

Музыкалық эпизод - бір немесе әр түрлі композитордың музыкалық шығармаларының синтезі, онда драмалық толықтығы бар өмірлік оқиғаның мәні, мазмұны шоғырланған, яғни басталуы, шарықтау шегі және шешімі болады.

Музыкалық эпизод жасау - музыкалық үзінділерді шебер жинай білуді, белгілі бір музыкалық эрудицияны талап ететін қиын жұмыс. Нашар тандалған музыка оқиғаның қарқынын әлсіретуі мүмкін. Сол сияқты керісінше, жақсы құрастырылған шығарма, ән эпизодтың ішкі өзегі бола алады.

Мәдени іс-шараның бағдарламасында кейбір музыкалық нөмірлер толық пайдаланылады. Себебі кірістірілген музыкалық нөмірлер дербес орындауға арналған музыкалық шығармалар. Бұлар ән, романс, аспаптық шығарма, хореографиялық композиция, музыкалық фильмнің, опереттаның үзіндісі және т.б. болуы мүмкін. Әдетте, кірістірілген музыкалық қойылымның сюжетпен байланысы болмайтын кездері де кездеседі. Кірістірілген музыкалық нөмір мәдени-демалыс бағдарламаларының концерт, кеш және т.б. кейбір түрлерінің негізі бола алады.

Мәдени іс-шараның бағдарламасында музыкалық нөмірлерді сценарийге енгізуде ескеретін ереже бар. Музыкалық нөмірлердің тақырыппен, идеямен тығыз байланысты болуы және сюжетке үйлесімді түрде енуі шарт.

Қоюшы-режиссер музыкалық шығарманың өзіне тән музыкалық драматургиясын меңгеруі тиіс, яғни кіріспе, даму, шарықтау шегі және кода деген заңдылықты меңгеруі тиіс. Режиссердің міндеті-әннен адамның өмірі, тағдыры, сезімдері мен ойлары туралы өзіндік музыкалық әңгіме жасау.

Музыкалық үзіліс - бұл бағдарламаның келесі бөлігінде көрсетілетін әрекетке арналған миниатюралық увертюра. Музыкалық антракт алдыңғы эпизодты қорытындылау, яғни екі эпизод арасын байланыстыру қызметін атқарады. Осы себепті музыка өте икемді материал. Себебі музыка оңай өзгереді. Режиссер қандай да бір әуенмен бір-біріне ұқсамайтын сезім-күйлерді жеткізуі мүмкін. Мысалы мұң-қайғы, жұмсақтық, ашу-ыза, қуаныш, мерекелік көңіл-күй т.б.

Антракт музыка іс-шараның ырғағын сақтауға, тыңдаушылардың ой-қиялын жүйелеуге, декорацияны өзгерту кезінде музыкалық бейнеде әрекет дамыт жатса соған қатыстырып жіберуге бағытталады.

Музыкалық финалдар – мәдени іс-шараның алдыңғы бөліктерінен өз алдына дербес, бірақ байланысы бар, майлы нүктені білдіретін музыкалық нөмір, маңызды бөлік. Финал болмаса мәдени іс-шарамыз шала жұмыс болып сезіліп тұрады. Себебі музыкалық финал көрерменнің ой, сезімдерін, мерекенің, іс-шараның негізгі идеясын қорытындылайды.

Музыкалық нүктенің кең тараған түрі - біріккен оркестрлердің, хорлардың, хореографиялық ансамбльдердің ұжымдық ән айту, шеру жасау сияқты аудиторияны белсендіру әдістерін қолдануы. Көбінесе музыкалық финалдар мыңдаған адам өзінен-өзі қатысатын (орнынан тұрып, қол соғып, ысқырып немесе билеп) үлкен бұқаралық акцияға айналып кетеді. Бұған Е.Хасанғалиевтей композиторымыздың «Атамекен» (екінші әнұранымызға айналып кеткен) әнін жарқын мысалға келтіре аламыз.

Мәдени-демалыс бағдарламасында музыканың атқаратын қызметтері де қарастырылуы қажет. Мәдени-демалыс бағдарламасында пайдалану шарттарына байланысты музыканың атқаратын қызметі бар. Музыканың маңызды бір қызметі - іс-шараның, оның жеке бөліктерінің эмоционалды-мағыналық сипаттамасын беру. Ол кейіпкердің болмысын, әрекет ету орны мен уақытын көрсетеді. Музыкамен кейіпкердің әлеуметтік бейнесін (жазалаушы, жауынгер, қарапайым жұмысшы, ақ жағалы адам, ақсүйек, маскүнем, саясаткер, аналар) көрсетуге болады. Музыкалық шығармалар образға сәйкес таңдалады. Кейіпкердің музыкалық бейнесін ашу, көрсету мақсатында ән, аспаптық пьеса, әуен, музыкалық үзінді т.б. пайдаланылады. Бұл ашық кеңістіктегі (алың, саябақ, стадион т.б.) көрініс-қойылымдар қойғанда маңызды. Себебі мұндай жағдайда іс-әрекет ауызша емес, пластика көмегімен көрсетіледі. Ашық кеңістіктегі қойылымда орындаушы мен көрермен бір-бірінен алшақ орналасқандықтан сөйлеушінің сөзін микрофонсыз жеткізу қиынға соғады. Осындай ыңғайсыз жағдайдан алып шығатын да - музыка.

Музыка оқиғаның уақытын, орнын баяндап бере алады, белгілі бір қойылымның дәуіріне лайық тарихи кезеңді сезіндіре алады. Ән-күй, музыка атаулыда сол кездегі жандардың мінез-құлқы, көңіл-күйі де жазылып қалады. Содан да болар «ән – өз дәуірінің құжаты» - деп бекер айтылмаса керек. Музыканың осы бір мүмкіндігін білу – «мәдени-демалыс ұйымдастыруға сол заманның рухын дәл жеткізуге, тарихи оқиғаларға қатысушы адамдардың көңіл-күйін, ойын, сезімін шынайылыққа жақын суреттеуге көмектесе алады.

Музыка әрекет атмосферасын қалыптастыру қызметін де атқарады.

Көңіл-күйге әсер етуі, мәнерлілігі, дыбыс бояуы сияқты өзінің қасиеттерінің арқасында музыка іс-әрекеттің өзіндік фоны болып көрерменнің жеке үзіндінің, эпизодтың мазмұнын тереңірек қабылдауына ықпал ете алады және әртіске кейіпкерді барынша шебер сомдауға жәрдемін тигізеді. Көрерменді барынша эмоционалды әсерге қалдыру мақсатында режиссер осы шеберлікке жүгініп жатады. «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды» атты кеш тақырыбын музыкалық шешудің жарқын мысалы ретінде қаза тапқан жауынгерлердің еске алуға бір минут үнсіздік жариялау және ескерткішіне гүл шоқтарын қою кезінде Р.Шуманның «Грезы» музыкасын, К.Күмісбековтің «Поэماسын», Ә.Хасеновтің «Қоңыр» күйін пайдалануды айтуға болады. Қантар қырғыны құрбандарын еске алуға Жалпыұлттық аза тұту күні жарияланып 1 минуттық үнсіздікке метроном дыбысы қолданылды.

Музыка бір-біріне қайшы іс-әрекетті барынша елестетуге де ықпал етеді. Себебі музыка қақтығысқа қатысу қызметін де атқарады, тіпті музыканың өзі қақтығыстың тасымалдаушысы.

Бұған мысал ретінде классиктер мен қазіргі композиторлардың шығармаларындағы дихотомияны, яғни ақ пен қара немесе мейірім мен зұлымдық (махаббат пен жеккөру) тақырыбын келтіруге болады. Бір жағдайда музыка тек қақтығыстың тасымалдаушысы болса, ал екінші жағдайда сол қайшылықтарды ушықтырып, шарықтау шегіне алып келуі мүмкін. Содан кейін музыканың өзі драматургиялық факторға айналады. Бұл ережені «Бейбітшілікті армандаймыз» тақырыптық бағдарламасының мысалында қарастыруға болады.

Одактар үйінің Колонна залында соғыс жылдары мәдениет қызметкерлері энтузиазмдық жасап балаларға арналған жаңа жылдық мерекені ұйымдастырған. Сол кеште жаңа жылдық мерекені баяндайтын эпизодтың музыкалық шешіміне Д.Шостаковичтің Жетінші симфониясындағы жау шапқыншылығы тақырыбы мен балаларға арналған «Орманда шырша туылды» әні пайдаланылды. Бұл музыкалық шығармалар қақтығыстың тасымалдаушысы болды.

Монтаж және дыбысты динамикалық әуелету арқылы екі тақырып бір-біріне еніп, драмалық өткірлік тудырды және эпизодтың дамуы барысында ән тақырыбы бірте-бірте шапқыншылық тақырыбын ауыстырып, эпизодтың соңында «Орманда шырша өсіп шықты» әні салтанатты түрде шырқалды. Осылайша музыка мәдени-тынығу бағдарламасының дербес драмалық элементі болды.

Музыканың тағы бір маңызы оның конструктивті-композициялық қызметінде. Соның арқасында мәдени іс-шара композициялық үйлесімді, толық бола алады.

Осылайша, музыкалық пролог, музыкалық үзілістер және қойылымды аяқтауға, үлкен леп белгісін қоюға арналған музыкалық финалдар ұйымдастырушыларға әжептәуір композиция жасауға көмектеседі. Мұны лейтмотивтерден де байқаймыз. Лейтмотив немесе іс-шарамызда тұрақты қайталанатын музыкалық шығарма – эпизодтың сипатына қарай түрленетін, бірақ бүкіл бағдарлама бойынша айқын музыкалық бейнені алып жүретін музыкалық материал. Лейтмотивтер жеке эпизодтар арасында тереңірек ішкі байланысты орнатуға ықпал етеді.

Музыка іс-шараның темпо-ритмін де ұйымдастырады. Музыкалық өнер - уақыттық дәлдіктегі өнер, үнемі дамып отыратын дыбыстық үдеріс. Сондықтан музыканың қарқыны, жылдамдығы әрекетті жандандырады, тездетеді немесе баяулатып артқа тартып жіберуі де мүмкін [7].

Музыка іс-әрекетке ырғақ беріп, кейіпкерлерге ғана емес, сонымен қатар заттардың - көліктердің, кемелердің қозғалысын елестете алады. Бұл көбінесе көпшіліктік мәдени-демалыс бағдарламалары үшін аса қажет.

Музыкалық безендіруде маңызды әдістемелік ереже - әрекеттің музыкамен табиғи байланысы. Музыка мәдени-демалыс бағдарламасының тақырыбын көркемдік-бейнелі түрде ашатын элемент. Бағдарламаны ұйымдастыру мен жүргізудегі маңызды сәт фонограмманы жанды дыбыспен шебер үйлестіру болып саналады.

### **Тәжірибелік бөлім**

Біздің жағдайда драмалық театрдың дыбыспен қамтамасыз етілуі емес мәдени іс-шаралардың музыкалық безендірілуі қарастырылды. 2025 жылдың 24 ақпаны Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «80 күн – 80 игі іс» акциясы аясында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, мәдениет және өнер факультеті мен Ж.Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры бірлескен есеп беру концертінде нағыз тәжірибе жасалды. Музыкалық кіріспе, музыкалық үзіліс, лейтмотив, музыкалық кірістірілген нөмірлер, музыкалық финал барлығы дерлік болды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Жоғарыда аталған бұқаралық мәдени іс-шарадағы деректі, көркем материалдар музыкалық шығармалармен шебер үйлесім тапты. Театрландырылған концертте біршама

музыкалық шығармалар, әндер жанды дауыста орындалып қойылымдардағы кейіпкерлердің даусы фонограмма түрінде пайдаланылды. Мәдени іс-шараның көркемдік кеңес мүшелері музыкалық нөмірлерді іріктеп, алдын ала көркемдік идеямен сәйкестендіріп жанды дауыс пен студияда жазылған музыканы шеберлікпен қолданды.

### **Қорытындылар**

Музыканы мәдени іс-шарада қолданудың ерекшеліктері, музыканың кіріспе (түрлері), эпизодтық музыка, музыкалық үзіліс, музыкалық нүкте, кірістірілген музыкалық шығарма деген жіктелімдік түрлері қарастырылды. Сонымен қатар музыканың мәдени демалыс бағдарламасында атқаратын қызметі, мүмкіндіктері сипатталды. Мәдени іс-шараны музыкалық безендіруде арнайы маман болмағанымен қызмет түрі музыкалық сауаттылықты, эстетикалық жоғары талғам, сезімталдылық, көптеген музыкалық шығармамен таныс болу (муз эрудиция), көркемдік-деректі материалмен үйлестіре алу сияқты дағды-құзыреттіліктерді талап етеді. Сондықтан мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы оқытылатын ЖОО да мәдени іс-шараның, әр алуан қойылымдардың музыкалық безендірілуін жіліктеп талдайтын ас режиссерлердің факультативті дәрістер оқып тұруын енгізу артық болмайды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Омар Е.О. Мәдени-тынығу жұмысының теориясы. – Алматы: Эверо, 2013. – 168 б
2. Гальченко А.Б. О типологии досуговых программ. – Москва: Знание, 2012. – 320 с
3. Шароев И.Г. Режиссура эстрады и массовых представлений, – Москва: Просвещение, 1986. – 463 с
4. Сагдеева Р.М. Музыкальное оформление культурно-досуговых программ. Доступны на <https://scienceforum.ru/2019/article/2018017459> (25 апр. 2023)
5. Козюренко Ю.И. Музыкальное оформление спектакля, – Москва: Юрайт, 2006. –114 с
6. Фокина Н.Н. Учебно-методический комплекс по дисциплине Сценарно-режиссерские технологии, – Пермь:ПГИИК, 2012. – 96 с
7. М Әуезов атындағы ОҚУ не 80 жыл! Мерекелік кеш. Мына сілтемеде <https://www.youtube.com/watch?v=NerTE8wqzXU> (29 мамыр 2024)

### **Аннотация**

В настоящее время на предприятиях-учреждениях масштабов от детских садов до центров активного долголетия организуются культурные мероприятия, ивенты. Одна вещь, которая объединяет все это, - это музыка. В некоторых случаях культурное мероприятие с незначительной комбинацией вместо того, чтобы дарить отдых, утомляет и раздражает. Поэтому не лишним будет знать базовую основу музыкального оформления культурного мероприятия.

В статье рассматриваются правила использования музыки в культурно-досуговой работе, в том числе в групповом, массово-культурном мероприятии, о художественной деятельности музыки. Описаны виды музыки в музыкальном оформлении культурного мероприятия (музыкально-пролог или вступление, эпизодическая музыка, музыка перерыва (антракт), самостоятельный музыкальный номер, музыкальный финал), даны определения.

Методическую основу этого умственного труда составили методы анализа культурной деятельности, художественно-исполнительской экспертизы музыкального произведения.

### **Abstract**

Currently, cultural events and events are organized at enterprises and institutions ranging from kindergartens to active longevity centers. One thing that unites all of this is music. In some cases, a cultural event with a minor combination, instead of offering relaxation, is tiring and annoying. Therefore, it would not be superfluous to know the basic basis of the musical design of a cultural event.

The article discusses the rules for the use of music in cultural and leisure activities, including group and mass cultural events, and the artistic activities of music. The types of music in the musical design of a cultural event are described (musical-prologue or introduction, episodic music, break music (intermission), independent musical number, musical finale), definitions are given.

The methodological basis of this intellectual work was the methods of analyzing cultural activities, artistic and performing expertise of a musical composition.

*Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат*

*толық аты-жөні: Смағұл Хамза Жұмабекұлы, телефон нөмірі: 8771-859-7004, электронды поштасы: [khamza.smagul@bk.ru](mailto:khamza.smagul@bk.ru)*